**Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеп-карауды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін, " Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын және Жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 06 мамырдағы № 156 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 мамырда № 8469 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.06.2023 № 426 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 3-тармағын іске асыру мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 25.06.2024 № 536 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-карауды жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

2) Жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.06.2025 № 355 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді және оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.01.2016 № 44 ( 01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Д.Р. Құсдәулетовке және Қазақстан Республикасы Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы Б.Ш. Әбішевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Имашев*

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2013 жылғы 6 мамырдағы
№ 156 бұйрығымен
бекітілген

**Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

Ескерту. Қағидалары мен мерзімдері жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.06.2023 № 426 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары " Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" (бұдан әрі - Заң) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды, жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің сәйкессіздіктерін белгілеу және "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру" және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру".

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар) жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады;

2) далалық жұмыстар - жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне маманмен абрис жасай отырып, жылжымайтын мүлік объектісін өлшеу бойынша жұмыстар.

3) камералдық жұмыстар - жылжымайтын мүлік объектісінің барлық ауданы мен көлемін есептеу, жер учаскесін және қабаттық жоспарды сызу, кадастрлық паспорт нысандарын толтыру, түгендеу ісін қалыптастыру, ақпараттық жүйелерге деректерді енгізу бойынша жұмыстар;

4) абрис - жер учаскесінің, күрделі құрылыстың (ғимараттың, имараттың), оқшауланған үй-жайдың, аяқталмаған консервацияланған күрделі құрылыстың ( ғимараттың, имараттың) схемалық жоспары, тұрақ орны-жылжымайтын мүлік объектісінің және оның құрылымдық элементтерінің контурлары, өлшеу нәтижелері, жылжымайтын мүлік объектісінің нақты жоспарын жасау үшін қажетті атаулар мен басқа да мәліметтер көрсетілетін орын;

5) техникалық сипаттамалар - құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті мемлекеттік техникалық тексеру немесе қайта жаңарту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектісінің құрылымдық элементтерінің сипаттамасы;

6) кадастрлық нөмір - жеке, Қазақстан Республикасының аумағында қайталанбайтын, жылжымайтын мүлік объектісінің нөмірі;

7) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй);

8) тұрғын емес үй-жай – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қоспағанда, көппәтерлі тұрғын үйдегі құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сәйкес келетін, жоба сатысында көзделген, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шекаралары қабырғалардың, еденнің және төбенің (қабатаралық жабындылардың) ішкі беттері болып табылатын, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарда (кеңсе, дүкен, кафе, қонақүй, хостел және халыққа қызмет көрсету саласының басқа да объектілері) пайдаланылатын және дара (бөлек) меншіктегі жеке ішкі кеңістік;

9) орынтұрақ орны – паркингте (болған кезде гаражда) автокөлік құралын қоюға арналған, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын және дара (бөлек) меншіктегі орын.

3. Құқық белгілеуші құжатта қамтылған сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің нақты деректерімен алшақтықтарын белгілеу мақсатында құқық иесі тіркеуші органға осындай алшақтықтарды анықтау үшін өтініш беруге құқылы, оның нәтижелері бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қорытынды ресімделеді.

Алшақтықтарды анықтау жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындысы бойынша жүргізіледі.

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және ( немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-карауды жүргізу қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру" және " Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметтерін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

**2-бөлім. "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және ( немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1–қосымшаға сәйкес "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде ( бұдан әрі - № 1 Тізбе) келтірілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жөнінде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш береді, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері

бойынша не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті берушіге № 1 тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру: www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсыну кезінде:

көрсетілетін қызметті берушіге - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

портал арқылы-көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" нәтижені алу орны мен күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған не ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы № 1 Тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау жөніндегі қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы № 1 Тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және портал арқылы келіп түскен өтінімдерді қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөліміне орындауға жолдайды.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімі мұрағатының қызметкері, түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімінің қызметкері келесі әрекеттерді жасайды:

ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін дерекқорға енгізу бойынша:

жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және ( немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізеді, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне белгі қояды;

жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны дайындау бойынша әзірленген кадастрлық паспортты және қорытындыны басшылыққа келісуге және қол қоюға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде жеке кабинетіне жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру бойынша орындалған жұмыс үшін қосымша ақы төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі.

Кадастрлық паспортты беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру тәртібі мен процесі осы Қағиданың 3-тарауымен регламенттелген.

Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің қол қойылған нәтижесі тіркеледі және тізілім бойынша көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау және беру бөліміне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің цифрлық құжаттар сервисінен жеке басын куәландыратын құжатты не электрондық құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырады:

өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға үшін;

жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау жөніндегі бөлімі бір ай ішінде олардың сақталуын қамтамасыз етеді, осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөліміне қайтарылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) немесе порталға жүгінген кезде құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

1) жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу - бір жұмыс күні;

2) жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша

сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру:

пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер үшінші жұмыс күніне беріледі;

жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бесінші жұмыс күніне беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері жетінші жұмыс күні беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын объектілер оныншы жұмыс күніне беріледі;

бірінші күрделілік санатына жататын осы тармақшаның екі және үш абзацтарында көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілері бесінші жұмыс күні беріледі.

Жылжымайтын мүлік объектісінің бірінші күрделілік санатына Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32746 болып тіркелген) Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес төрт үй-жайдан аспайтын тік бұрышты нысандағы құрылыстар жатады.

Мерзімді одан әрі ұзарту көрсетілетін қызметті алушымен келісім бойынша объектінің күрделілік санатына байланысты жүргізіледі, бұл ретте жалпы мерзім көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап екі айдан аспайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 30.06.2025 № 355 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші:

үш күннен кем мерзім белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды қалыптастырады;

үш күндік мерзімнен асатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны жөнінде хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешім қабылдайды немесе дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) қызмет көрсетушіге:

жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және ( немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу туралы белгісі бар жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қабылдау актісі;

жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспорты;

кадастрлық паспортты қоса бере отырып, жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды;

№ 1 Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап.

2) порталға:

жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және ( немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу жөніндегі қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне құқықтық кадастрға мәліметтерді енгізу туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі;

жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты немесе мемлекеттік қызметті алу орны мен күні көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама;

кадастрлық паспортты қоса бере отырып жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің сәйкессіздігін белгілеу туралы қорытынды немесе мемлекеттік қызметті алу орны мен күнін көрсете отырып мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.

Ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Бұл ретте Жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық

паспортын бергені үшін қосымша төлемді растайтын құжатты ұсынған кезде береді, ал заңды тұлғалармен қызметтерді көрсетуге шарттың бекітілуі жағдайында оларға қосымша қол қойылған орындалған жұмыстар акті ұсынылады.

**3-бөлім. Мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу тәртібі**

7. Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру барысында жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрын жүргізу үшін қажетті ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамалары айқындалады.

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері Жылжымайтын мүлік объектісін техникалық тексеру үшін шығуды жүзеге асырады;

2) маман берілген өтініш шеңберінде жаңадан салынған және жапсарлас салынған құрылыстар мен ғимараттарды қайта жаңарту, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау фактілерін анықтау мақсатында жылжымайтын мүлік объектісін тексеріп, өлшеу жүргізеді;

3) жер учаскесінің сыртқы шекараларының анықталған өзгеруі немесе құрылыстар мен ғимараттарды тұрғызуға немесе бұзуға, не объектіні жүргізілген қайта жаңартуға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға байланысты өзгертуге байланысты жер учаскесінің ішкі жағдайларының өзгеруі ескеріле отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Абрис жасайды;

Бұрын жасалған абрис сақталады, оған түзетулер енгізуге жол берілмейді. Абрис, онда бейнеленетін құрылыстар мен құрылыстар өзінің кескіні бойынша шындыққа жақын және салыстырмалы масштабта орналасуы үшін электронды түрде немесе қарапайым қарындашпен жасалады;

4) жер учаскесінің қолданыстағы жоспарына жапсарлас салынған құрылыстар мен құрылыстарды, сондай-ақ қайта жаңартылған, жаңадан салынған объектілерді олардың конфигурациясы өзгерген жағдайда енгізеді және анықталған өзгерістерді ескере отырып, экспликацияны толтырады;

5) өзгерістерді ескере отырып, әр қабаттық жоспарды сызады және оған экспликация толтырады;

6) Мемлекеттік қызмет құнын есептеуді жүргізеді;

7) "Кадастрлық паспорт нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 235 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4937 тіркелген) сәйкес нысан бойынша кадастрлық паспортты дайындайды және оларды қолданыстағы түгендеу ісіне қалыптастырады;

8) дайындалған кадастрлық паспорт басшымен келісіледі және қол қойылады.

9) алдыңғы техникалық тексеру барысында дайындалған кадастрлық паспорттарға, оның ішінде меншік иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің данасына маманның күні, тегі және қолы көрсетіле отырып, "ӨТЕЛДІ" деген белгі қойылады;

10) барлық жаңа және өтелген материалдар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бірыңғай түгендеу ісіне қалыптастырылады, өтелген материалдар жойылмайды, ал хронологиялық тәртіппен түгендеу ісіне тігіледі.

Алшақтықтарды анықтау жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру негізінде жүзеге асырылады. Анықталған сәйкессіздіктер туралы мәліметтер жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізіледі және жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер фактілері көрсетіле отырып қорытынды дайындалады.

Кадастрлық паспортта жылжымайтын мүліктің негізгі объектісінің техникалық сипаттамалары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік (шаруашылық) құрылыстар мен ғимараттардың техникалық сипаттамалары толтырылады.

Жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иесі ауысқан кезде кадастрлық паспорт заңды күшін сақтайды, өйткені бастапқы немесе кейінгі объектінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын құжат болып табылады.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімі бойынша болып жатқан жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген кезде, оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің атауы, сондай-ақ ғимараттардың, өзге де құрылыстардың (мекенжайлардың) реттік нөмірі немесе кадастрлық нөмірлер өзгерген кезде Мемлекеттік корпорация 1 жұмыс күні ішінде орнына бармай, өтеусіз негізде кадастрлық паспортқа түзетулер енгізеді.

Құқық белгілейтін құжатта қамтылған жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің нақты деректерімен алшақтығын анықтау мақсатында құқық иеленуші көрсетілетін қызметті берушіге осындай алшақтықтарды анықтау үшін өтініш беруге құқылы.

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру барысында көрсетілетін қызметті беруші жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрын жүргізу үшін қажетті ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамаларын айқындайды.

**4-бөлім. "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі:**

8. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2–қосымшаға сәйкес "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық

паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет тізбесінде (бұдан әрі - № 2 Тізбеде) келтірілген.

9. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы, көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша және "электрондық үкіметтің": www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға көрсетілетін қызметті алушының № 2 Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасымен көрсетілетін қызметті берушіге жүгінуі негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және портал арқылы келіп түскен өтінімдерді қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөліміне орындауға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы № 2 Тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау жөніндегі қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы № 2 Тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімі мұрағатының қызметкері түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы телнұсқа беруден бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда, кадастрлық паспорттың түгендеу ісінен көшірмесін шығарады, "Телнұсқа" мөртабанын қояды және оны толтырады, одан кейін басшылыққа келісу және қол қою үшін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін тізілім бойынша жіберілетін жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту телнұсқаны беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болып табылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер, жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бірінші жұмыс күні;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері екінші жұмыс күні беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын жылжымайтын мүлік объектілері үшінші жұмыс күні беріледі.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:
1) Қызмет көрсетушіге:
жылжымайтын мүлік кадастрлық паспортының телнұсқасы;
2) порталға:
көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне алу орны мен күнін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама жіберіледі;

12. Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші:

үш күннен кем мерзім белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды қалыптастырады;

үш күндік мерзімнен асатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны жөнінде хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешім қабылдайды немесе дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және, оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығына үш жұмыс күні ішінде жібереді.

## 5-бөлім. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарауды жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Құқықтық кадастрдан
ақпараттық жүйесіне
ғимараттардың,
құрылысжайлардың және
(немесе) олардың
құрамдастарының жаңадан
құрылған жылжымайтын
мүлікке сәйкестендіру және
техникалық мәліметттерін
енгізу, мемлекеттік техникалық
зерттеп-қарау жүргізу
қағидалары мен мерзімдеріне
және "Жылжымайтын мүлік
объектісінің кадастрлық
паспортының телнұсқасын
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша

**"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.06.2025 № 355 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру" | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы,<br>"электрондық үкіметтің" веб-порталы |
| | | Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап (құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) және порталға :<br>"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру" - бір жұмыс күні.<br>Жылжымайтын мүлік объектісінің түріне қарай жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере отырып жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | техникалық мәліметтерінің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру:<br>пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер үшінші жұмыс күні беріледі;<br>жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар , саяжай құрылыстары бесінші жұмыс күні беріледі;<br>жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері жетінші жұмыс күніне беріледі;<br>жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын объектілер онышы жұмыс күніне беріледі;<br>осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген, күрделіліктің бірінші санатына жататын жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілері бесінші жұмыс күніне беріледі.<br>Мерзімді одан әрі ұзарту көрсетілетін қызметті алушының келісімі бойынша объектінің күрделілік санатына қарай жүргізіледі, бұл ретте жалпы мерзім көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген күннен бастап екі айдан аспауға тиіс.<br>Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 минут;<br>Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және ( немесе) қағаз түрінде. |
| | | Жүгінген кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіге: жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу туралы белгісі бар жылжымайтын |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | мүлік объектісін пайдалануға қабылдау актісі; жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты;<br>Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере отырып жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды;<br>№ 1 Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап.<br>2) порталға:<br>жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жөнінде қызмет көрсету кезінде, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісін жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрына мәліметтер енгізу туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі;<br>жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты немесе мемлекеттік қызметті алу орны мен күні көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама;<br>жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере |

| | | |
|---|---|---|
| | | отырып, жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды немесе мемлекеттік қызметті алу орны мен күнін көрсете отырып, Мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама. Жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.<br>Бұл ретте Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере отырып, жүргізілген техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны) көрсетілетін қызметті беруші жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере отырып, қорытынды бергені үшін қосымша ақы төленгенін растайтын құжатты береді, ал заңды тұлғалармен қызметтер көрсетуге шарт жасасу кезінде оған қол қойылған орындалған жұмыстардың актісін қосымша ұсынады. |
| | | Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін төлем Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 16 қаңтардағы № 21/НҚ бұйрығымен бекітілген Ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне енгізу және ғимараттарды, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру бойынша мемлекеттік монополияға жатқызылған "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларына (бұдан әрі – тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасы ) сәйкес айқындалады<br>Төлем сондай-ақ портал арқылы " Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүргізіледі. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі | 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік корпорацияның филиалдарында - дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) құжаттарды қабылдау және беру жөніндегі Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін;<br>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек |

| | | |
|---|---|---|
| | | кодексіне сәйкес жұмыс уақыты, жексенбі және мереке күндері аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | заңды тұлға үшін өкілеттігін растайтын құжат бойынша;<br>жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша:<br>жүгінген кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті берушіге: жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу бойынша:<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке үйлердің, құрылыстардың және ( немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш;<br>жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін), сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>жылжымайтын мүлік объектісін жаңадан тұрғызылған жылжымайтын мүлік объектісіне пайдалануға қабылдау актісі және жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты;<br>жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын беру жөніндегі Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларға сәйкес төленгенін және |

| | | |
|---|---|---|
| | | жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны растайтын құжат:<br>осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны алуға өтініш; жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін), сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын қоса бере отырып жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжат ол болған кезде;<br>ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын бергені үшін төлемді растайтын құжат екі кезеңде ұсынылады:<br>мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш берген кезде төлем Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларға сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі қызметтің базалық құны түрінде жүргізіледі; мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алған кезде тауарларға ( жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларға сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру бойынша орындалған жұмыс үшін |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | толық төлем (қосымша ақы) жүргізіледі;<br>Пәтерді, жатақханалардағы бөлмелерді және кіріктірілген үй-жайларды техникалық тексеруге жүгінген жағдайда жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылмайды.<br>3) порталға:<br>жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу бойынша:<br>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда ЭЦҚ немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қабылдау актісінің және жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының электрондық көшірмесі;<br>ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру бойынша: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда ЭЦҚ немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; жер учаскесіне | |

| | | |
|---|---|---|
| | | сәйкестендіру құжатының электрондық көшірмесін қоса бере отырып жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі бар болса;<br>ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын бергені үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі екі кезеңде ұсынылады: мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш берген кезде төлем Тауарларға ( жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларға сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі қызметтің базалық құны түрінде жүргізіледі; мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алған кезде тауарларға ( жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларға сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру бойынша орындалған жұмыс үшін толық төлем (қосымша ақы) жүргізіледі; |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздеме | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;<br>2) Егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса; 3) Егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылса.<br>4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңның 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы. |
